

Қалнияз Бақытжан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: bakitzhan_kalniyaz@mail.ru , тел.: +7 702 895 4993

ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕР ТАРИХЫНАН (Ботай және Бұзоқ ескерткіштері мысалында)

Мақалада тарихи құнды ескерткіштер ретінде Қазақстанның солтүстік өңірлерінің, қала берді әлем мақтанышына айналып үлгерген Ботай мәдениетіне, ортағасырлық Бұзоқ қалашығына тоқталады. Ботай мәдениеті – энеолит дәуірінде Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті. Б.з.д. III-IV мың жылдыққа тән ежелгі адамдардың құтты мекені болған Ботай қонысы 1980 жылы В.Ф. Зайберттің басшылығымен ұйымдастырылған археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде ашылып, ғалымдар назарына іліккен. Ғалымдарды табылған ат сүйектерінің көптігі таң қалдырған. 133 мыңдай жылқы сүйектері зерттелді. Бұзоқ қалашығына тоқталатын болсақ; «Бұзоқ» – түркі-оғыз термині, яғни көне түрік мемлекеттерінің әкімшілік құрылымының шығыс бөлігінің атауы. Бұзоқ қалашығының Қазақстан астанасы үшін оның ертедегі дерегі ретінде маңызы өте зор. Бұзоқ – шамамен VIII ғасырдағы ежелгі қалашық, ол сол кездегі жергілікті билеушінің ордасы саналған. 2004 жылдан бастап археологиялық нысан – Бұзоқ қалашығы, Қазақстан астанасының туристік бағытына атсалысып келеді.

Түйін сөздер: Ботай мәдениеті, Бұзоқ қалашығы, орда, туризм, тарих, мәдениет.

Kalniyaz Bakitzhan

Master's program student of al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: bakitzhan_kalniyaz@mail.ru, tel.: +7 702 895 4993

From history of historical and cultural monuments (On an example of monuments botai and bosok)

In this article historically valuable monuments of northern Kazakhstan that have become a pride of the whole world – Botay culture and Buzok site are considered. Botay culture is the culture of the Eneolithic tribes which lived in northern Kazakhstan. Botay, which was a fertile place for ancient people who lived in the IV-III millennium BC, was opened in 1980 thanks to archaeological excavations organized by V.F.Zaibert and attracted the attention of researchers. Scientists were surprised by the found multiplicity of horse bones. About 133 thousand horse bones were investigated. Buzok is a Turkic-Oguz term, the name of the eastern part of the administrative structure of the ancient Turkic states. The settlement of Buzok is important for the capital of Kazakhstan as its ancient history. Buzok is an old settlement, at that time it was considered as a horde of a local ruler. The archaeological site since 2004 – Buzok, takes part in the tourist direction of the capital of Kazakhstan.

Key words: Botay culture, Buzok site, horde, tourism, history, culture.

Қалнияз Бақытжан

магистрант Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: bakitzhan_kalniyaz@mail.ru, тел.: +7 702 895 4993

Из истории историко-культурных памятников (на примере памятников Ботай и Бұзоқ)

В статье рассматриваются исторически ценные, ставшие гордостью всего мира памятники северного Казахстана – Ботайская культура, городище Бұзоқ. Ботайская культура – культура племен энеолита, живших в северном Казахстане. Ботай, который был благодатным местом для древних народов, которые жили в IV-III тысячелетиях д.н.э., был открыт в 1980 году

благодаря археологическим раскопкам, организованным В.Ф. Зайбертом, и привлек внимание исследователей. Ученых удивили найденные множества лошадиных костей. Были исследованы около 133 тысяч лошадиных костей. Бuzок – тюрко-огузский термин, название восточной части административного строения древнетюркских государств. Городище Бuzок важен для столицы Казахстана, как ее древняя история. Бuzок – старое городище, в то время считалось ордой местного правителя. Археологический объект с 2004 года – Бuzок, принимает участие в туристическом направлении столицы Казахстана.

Ключевые слова: Ботайская культура, городище Бuzок, орда, туризм, история, культура.

Кіріспе

Қазақстанның солтүстік өңірлерінің нақтырақ айтсақ, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарының тарихи-мәдени ескерткіштерін зерттеп, оларды ғылыми айналымға енгізу – өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінде мәдени мұраның алуандығы мен байлығы өркениетті қоғамның сипаты, мемлекеттік және ұлттық сананы біріктіретін негізгі өркениет белгілері. Тарихи-мәдени ескерткіштер осы негіз құрамына енеді. Ол қорған-қамалдардың қирандылары, жайылып кеткен обалар, көне тұрақтар, қалалар орны, зәулім ғимараттар сынды тарихи-мәдени ескерткіштерді қамтиды. Оны мамандар зерттеп және мұражайландырылған жағдайда, олар өткен ғасырлар мен бүгінгі халық арасындағы алтын көпірге айналады. Әлі зерттелмеген ескерткіштер – адамзаттың әлі де болса құнсыз ақпарат қоры, оның жоғалмас материалдық түйсігі. Бүгінде қоғам үшін мәдени мұраның бүкіл жиынтығы аса маңызды. Ғылыми-техникалық төңкеріс пен электрондық баспасөз құралдары дәуірінде, жаппай халықтық стереотиптердің жаңасы қалыптасып, жеке-леген тұлғалар мен бүтіндей халықтардың ерекшеліктері шайылып, жаһандану біртектілігі жетекші орынға шықты. Ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени дәстүрлер ұмыт бола бастады. Осы тұста мәдени мұраны зерттеу, оны болашаққа аманат ету ерекше маңызға ие.

Мәдени мұраның сақталуы мен пайдаланылуы мәселелеріне өркениетті елдер әлдеқашан ерекше ден қоя бастады. Бұл дамыған мемлекеттерде туризмнің, экономиканың дамуына ерекше ықпал ететін фактор. Осыған орай, сәйкес сала заңдары жетілдіріліп, басқарудың тиімді жолдары қарастырылып жатыр. Осы тұста бізде аталмыш мәселеге байланысты өз пікірімізді білдіргіміз келеді. Себебі, Қазақстан Республикасының археологиялық картасында көрсетілген 25 мыңнан астам археологиялық қоныстардың 2 мыңға жуығы Қазақстанның солтүстік өңірінде орналасқан.

Тарихи кезеңдердегі есімдері алтын әріптермен жазылған ұлы тұлғаларға мекен болған бұл аймақтың тарихи-мәдени ескерткіштерінің көпшілігі тарихи жыл санау дәуіріне дейінгі кезеңге жатады. Адамзат өркениетінің бүгінгі мен ертеңін тануда, қиын-қыстау уақытта дұрыс жол тауып, болмыстың мәні мен мағынасын түсінуде, табиғи заңдылықтар қажеттілігін өтеуде адам баласы әрқашан тарихқа жүгінеді. Тарихи тағдырдың барысы әрбір халық пен елдің, адам мен қоғамның бітім-болмысына әсер етіп, бұлыңғыр болашағын анықтай түседі. Сондықтан дүниенің төрт бұрышындағы барлық адам мен қоғам өткенінен сабақ алып, дәстүрі демеу болып, тарихымен мақтанады.

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін кеңес заманында марксистік тұрғыда, таптық көзқараста жазылған ел тарихы мен мәдениетіне қатысты қалыс қалған деректер қалпына келтірді, тарихтағы ақтандақтар ашылып, жаңа тарих жазылуда. Сондай-ақ, әр аймақта өз өңірін танып – білуге деген құштарлық артып келеді. Қазақ елі өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен бері талай игі істер жүзеге асырылып келеді. Әсіресе, тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу саласындағы зерттеулерді қайта жаңғырту, заманауи тарихи-географиялық әдістерді дамыту, сонымен қатар оларды ел тарихын зерттеуде, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және туризмнің даму перспективаларын айқындауда қолдану бүгінгі күннің өзекті мәселелері болып табылады. Мәдени туризм – туризмнің ең танымал әрі ауқымды түрі. Туризмнің бұл түрі Қазақстанда енді ғана аяғына тұрып келеді. Қазақстандағы тарихи, мәдени туризмнің дамуына ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы нәтижесінде жүзеге асырылған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы сүбелі үлес қосты. Туристік бағыттарды жоспарлау барысында «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларын зерттеу және қалпына келтірілуіне үлес қосып жүрген археологтардың ғылыми ашылымдары мен ұсыныстарын назарға алу керек.

Ескерткіштер интерпретациясы

Осындай тарихи құнды ескерткіштер ретінде Қазақстанның солтүстік өңірлерінің, қала берді әлем мақтанышына айналып үлгерген Ботай мәдениетіне, ортағасырлық Бұзоқ қалашығына тоқталсақ. Бүгінде дәлелденген ғылыми материалдар бойынша Ботай қоныстары ғаламшарда алғашқы рет жылқы малын Солтүстік Қазақстанның орманды даласында үй малына айналдырып үйретті деген ғылыми дәлелденген пікір бар. Ботай мәдениеті – энеолит дәуірінде Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті. Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Никольское ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Ботай қоныстарына байланысты аталған (Зайберт, 2009: 25). Аталмыш ескерткіш б.з.д. III-IV мың жылдыққа тән ежелгі адамдардың құтты мекені болған Ботай қонысы. Ботай қонысы 1980 жылы В.Ф. Зайберттің басшылығымен ұйымдастырылған археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде ашылып, ғалымдар назарына іліккен. 1983 жылы Ботай қонысында Еуразия құрлығындағы алғашқы адамдар қоныстары жөнінде археологиялық зерттеулермен айналысатын Мәскеу, Ленинград, Киев, Челябині, Самара, Екатеринбург, Новосібір, Красноярск, Алматы, Қарағанды және Қостанай қалаларынан келген ғалымдардың қатысуымен Бүкілодақтық археологиялық семинар өтті (Зайберт, 2011: 44). Ботай қонысының құндылығы мен тарихи маңыздылығы жөнінде ғылыми пікірлер айтылды. Ботай туралы алыс шетел ғалымдары да маңызды деректер алып, өз ұсыныстарын білдірді. Шетел ғалымдарының Ботай қонысына келуіне және тарихи-археологиялық зерттеулер жүргізуіне 1980 ж. Кеңес үкіметі тарапынан тыйым салынған болатын. Тек, 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Ботай қонысымен жақын айналысуға шетелдіктерге рұқсат етілді. Нәтижесінде Ұлыбритания, Германия, Америка Құрама Штаты және басқа да мемлекеттерден тарихшы-археолог ғалымдар көптеп келе бастады. Олармен кездесу барысында Ботай мәдениетін зерттеу туралы бірлескен құжаттар қабылданды. Аталмыш кездесулер мен қабылданған құжаттар негізінде 1994 жылы Ұлыбритания университетінің арнайы шақыртуымен, Кембридж университетінде Ботай мәдениеті жөнінде қазақтандық ғалымдар тарапынан дәріс оқылып, көрме ұйымдастырылды. 1995 жылы Ботай қонысында «Еуразияның көне атбегілері» атты халықаралық симпозиум өтті.

Аталмыш симпозиумға әлемнің 16 мемлекетінен 80 тарихшы-археологтар қатысты. 2000 жылы Ботай қонысы мемлекеттік «Көкшетау» ұлттық табиғи паркінің құрамына кірді. Сол кезден бастап ескерткіш айналасын қорғау және оның шекараларын белгілеу, аймақтағы топырақ жамылғысын рекультивациялау және басқа да кешенді жұмыстар қолға алына бастады. Ауданы 15 гектар жерді алып жатқан қоныстан 158 үйдің орны қазылып аршылған. Кейбіреулерінде 30-ға тарта үйлер болған. Сәулетшілерді бұзылған тұрғын-жайлардан қалған ойпаттар қызықтырған. Ғалымдар ежелгі тұрғын-жайлар құрылысын қайта тұрғызуға мүмкіндік алады. Алғашқыда дөңгелек және көпбұрышты қазан шұңқыр қазып алынды. Қазан шұңқырдың тереңдігі 60-80 см, ауданы – 30-дан 70 шаршы метрге дейін. Кейін сазды сулап, домалақ күйінде қабырғаға салған, сыртынан жануарлар сүйегімен бекіткен. Ежелгі тұрғын-жайлардың қабырға ені 80-120 см, биіктігі – 60-100 см. Тұрғын-жайлар маңында арнайы ор қазылып, ол жерден еден, қабырғаға арналған сылауға қажетті саздар алынды. Қабырға периметрлері бойынша бөренеден шатырлармен қаптап, ортасында түтін шығаратын тетік жасалды. Бөрене сазбен сыланып, жоғарыдан жануар терісі мен қыртыспен жабылды. Ғимараттың ішкі биіктігі 250-320 см құрады. Қайта тұрғызу сараптама жолы арқылы жүргізілді. 1983 жылдың жазында ежелгі тұрғын-жайдың үстіне ежелгі Ботай тұрғын-жайы салынады. Қайта тұрғызу өз-өзін анықтады.

Жазда сараптамалық тұрғын-жайда суық әрі құрғақ болатын. Күз-қыс мерзімінде температурасы бір қалыптан түспеді. Тұрғын-жайды тұрақты түрде күтім жасағандықтан, адамдарға қапталған сыртының беріктігіне қарай тұруға қолайлық жасады (кем дегенде 15-20 жыл). Әрине, жыл сайын қабырға, қазан-ошақтың ішкі бөлігі сыланып отырған. Қазба жұмыстарын жүргізгенде ботайлықтардың тұрғын-жайлары бір-бірімен тығыз жалғасып жатты. Тұрғын-жайдың ішкі жобасы туралы біраз нәрсе айтуға болады. Ортада еденде ошақ орнатылған. Қабырға маңайында ұсақ шаруашылық шұңқырлар болды. Қазан ошақтарының қабырғасында көптеген шаруашылық және діни қажеттіліктер тізіліп тұрған. Ботайлықтар қабырға айналасында шыға беріске қарсы сәкілерді орнатып, терілерді төсеген. «Шұңқыр-консервілерде» ұзақ уақыт бойы сақтаған. Ол былай жасалған: 1 метрге дейін шұңқыр қазып, оның ішіне жылқы етін тұтастай салып, терісімен және сазбен жапқан. Үстінен

от жағып, оттегінің толығымен жанып болғанын күтеді. Дайын болған ет ауасыз да, сол шұңқырда бұзылмай сақталады. Бұл қазақ топырағында өмір сүрген көне халықтың қолданған ерекше технологияларының бірі деп бүгінде батыл пікір білдіруге болады. Өзен жағасы маңындағы өндірістік құрылыстарда ежелгі адамдар тас, ағаш, аңдардың сүйегі мен терісін өндеп, киім тіккен, қыш ыдыстар дайындаған. Тастан жасалған жебе, садақ, қанжар, пышақ, найза ұштықтарының көптеп табылуы қоғам өмірінде аңшылықтың рөлін айқын көрсетеді. Сонымен қатар жылқының сүйегінен ағашты өңдейтін қашағыш, құс сүйегінен киім тігуге арналған инелер, жуалдыз, тескіштер, тұмар мен әшекей бұйымдарының кездесуі шаруашылықтың әр саласынан хабар береді. Ғалымдарды табылған ат сүйектерінің көптігі таң қалдырған. Жұмысқа аңдар сүйегін зерттейтін ғалым-остеологтар шақырылды. Олар ауқымды істер атқарды. 133 мыңдай жылқы сүйектері зерттелді. Нәтижесінде анықталғаны, Ботай аттары бұрынғыда белгілі жылқылар түріне жатпайтын боп шықты. Ботай аттарының сүйегі өзге де ежелгі аттар сүйегінен ерекшеленіп тұрды. Ғалымдар бірауыздан Ботай жылқылары қолға үйретілген деген пікірді ұстанды. Олар далада жүрген жабайы жануар еместігін айтады.

Жылқылар үй шаруасында, аң аулауда қолданылған. Күні бүгінге дейін жылқылар қолға кеш үйретілген деген пікірлер айтылды. Қоныстың материалдарымен әлемнің барлық ғылымдары қызыға бастады. Ботай жылқысын зерттеп білуге Солтүстік Қазақстан облысына жоғарыда аты аталған Новосібір, Мәскеу, Англия, Германия сынды алыс-жақын елдерден ғалымдар келді. Көптеген ғалымдар ортақ пікірге сүйенді, яғни Ботай қонысы Еуразия даласында мал шаруашылығы орталығы болған. Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі Виктор Зайберт Англияның Кембридж университетіне Ботай қонысы бойынша дәріс өткізуге арнайы шақырылған. Ғалымдар Ботайды 30 жылдан астам уақыт зерттеп келеді. Көптеген мақалалар жазылып, монографиялар, фото-альбомдар жарық көрді. Ботай мәдениетінің қалыптасуына Атбасар неолиттік мәдениетін жасаған тайпалары араласқан. Ботай мәдениеті Ертіс пен Жайық өзендері аралығын мекен еткен тайпалар мәдениетіне жатады. Алайда, Ботай жері сақтаған жұмбақтар әлі де өз қойнауында сақтап отыр. Әлі де болса ежелгі адамдардың тайпалас адамдарды қалай жерлегені анықталмаған.

Бірнеше ежелгі адамдардың қалдықтары табылып, археологтарды жаңа жұмбақтарға кенелтті. Олар бұзылған тұрғын-жайлардан табылды. Әсіресе, адамның бас қаңқасы қызығушылық туғызды. Ол қазірде облыстық тарихи-өлкетану мұражайында сақтаулы тұр. Ботай жеріндегі қазбалар жалғасуда (http://www.inform.kz/kz/botay-madenieti_a2259588).

Бүгінде Ботай мәдениетіне байланысты екі докторлық, сегіз кандидаттық диссертация қорғалған екен. Бұл аталмыш ескерткіштің ғылыми деңгейінің қаншалықты терең екендігін көрсетсе, еліміздегі 220-ден астам музейлерде оған тән жәдігерлердің экспозициялануы оның маңыздылығын одан әрі паш ете түсетіндей (Зайберт, 2009: 5).

Қарастырылып отырылған аймақтағы осындай тарихи маңызы көптеп саналатындығын жоғарыда айтқан болатынбыз. Олардың бірі де бірегейі – Бұзоқ қалашығына тоқталатын болсақ; «Бұзоқ» – түркі-оғыз термині, яғни көне түрік мемлекеттерінің әкімшілік құрылымының шығыс бөлігінің атауы. Түрік-оғыздың бұзук (боз оқ) термині – тесіп өтетін жебе немесе ақ жебе деген ұғымды білдіреді. Сонымен бірге түркі ұғымында «боз» сөзі «боз дала», «ақ селеулі құтты қоныс» деген мағынада түсіндіріледі. Бұзоқ қалашығының Қазақстан астанасы үшін оның ертедегі дерегі ретінде маңызы өте зор. Мындаған жылдар бұрын қазіргі Астананың орнында әскери бөлімшелердің пайда болуы геостратегиялық факторман байланысты, ол далалы Жібек жолының керуендерін бақылауға арналған болуы мүмкін. Бұзоқ қалашығы мен оның аумағындағы мазарлардың шоғырлануы бұл жерлердің ортағасырлық Нұра-Есіл ауданы халқы үшін рухани орталық болғандығын дәлелдейді. Бұзоқ – шамамен VIII ғасырдағы ежелгі қалашық, ол сол кездегі жергілікті билеушінің ордасы саналған. Бұзоқтың гүлденген кезі жергілікті түркілердің арасында қыпшақтардың беделі артқан X-XI ғғ. сәйкес келеді. Қаланың орналасқан жері туралы алғашқы мәліметтер патша армиясының офицері, геодезист И. Шангиннің жазбаларында кездеседі. 1999-2003 жылдар аралығында Бұзоқ ортағасырлық қала жұртында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Бұзоқ қаласы X-XII ғасырларға тән қамал-қала мен әскери тұрақ ретінде Хуанхэ өзенінің басынан Солтүстік Алтай – Ертіс-Тобыл-Еділ бойымен Русь пен Византияға апаратын Далалық Жібек жолында құрылғаны бүгінде ғылыми дәлелденіп отыр (Хабдулина, 2005: 8). Ескерткіш Бұзоқты

өзенінің шығыс жағалауында, Астана қаласынан батысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан. Бұзоқ қала жұрты Сырдария бассейнінен келетін, одан әрі Батыс Сібір мен Ертіс бойына апаратын ең қысқа меридионалды жол бойында орналасқан. Бұл қала қыпшақ басшысының резиденциясы, діни орталық, жолаушылар мен керуендердің даладағы жағрафиялық жол сілтері болды. XIII-XV ғасырларда яғни ескерткіштің екінші кезеңінде қаланың қалдықтары киелі жер ретінде танылып, молаға айналған. Ескерткіштің зерттеушілері Бұзоқты Астана қаласының алғашқы басы екеніне қорытынды береді. Ғылыми жұмыстардың бірінші жетекшісі және авторы К.А. Ақышев ескерткіштің – тарихи-мәдени мағынасын ғылыми тұрғыдан толықтырып ұсынған. Орталық Азия мен Еуразия археологиясының білгірі К.А. Ақышев Бұзоқ қала жұртының іргетасы X-XII ғғ. қаланған, қыпшақ басшыларының орталығы деген тұжырым жасайды (Хабдулина, 2005: 7). Бізде өз тарапымыздан бүгінде аты әлемге тәуелсіз мемлекет ретінде танылып отырған мәңгілік ел ұрпағына орталық болып отырған Астана қаласының тарихында елорда болуы бірінші рет емес екендігін айтқымыз келеді. Бұл тарихи сабақтастық дегіміз келеді.

1999 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Есіл археологиялық экспедициясы, Көкшетау археологиялық экспедициялары бұл қаланы зерттеп келеді (Хабдулина, 2005: 172; Зайберт, Тюлебаев, Кулаков, Задорожный, 2005: 176). Қала жұртының аумағы ауылшаруашылық аймағын қосқанда 30 гектарды құрайды. 2004 жылы мұнда аумағы 450 шаршы бір жер үй қазылған. Шұңқырдың тереңдігі 1,7 метр. Қабырғалары балшық кірпіштен қаланған. Бұзоқ қалашығының ғылыми және туристік құндылығы зор. Бүгінде қалашықтың 6 мың квадрат метр ауқымы зерттелген. Ешбір күмәнсіз қалашық өте маңызды. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша, бірнеше мақалалар жарияланды, олар Ресей мен Қазақстанның ғылыми жинақтарында басылымға шықты. Ғылыми зерттеу жұмыстарының жеке аспектілері жөнінде Астана, Алматы, Томск, Иркутск, Челябинск қалаларындағы халықаралық, республикалық және Ресейлік конференцияларда баяндамалар оқылды. Бұзоқ қалашығының мавзолейі – жерлеу құрылысы Сарыарқа даласында ислам мемлекеттік дін ретінде қалыптасқан кезеңге жатады. XIV ғасырдан бастап Нұра-Есіл аймағының исламданған элиталы рухани орталығы болған. 2004 жылдан бастап археологиялық нысан

– Бұзоқ қалашығы, Қазақстан астанасының туристік бағытына атсалысып келеді.

Қорытынды

Ұлан байтақ Қазақстанның солтүстік өңірі мыңдаған жылағымындағы тайпалармен көшпелі халықтардың қоныс тепкен жері. Солтүстік Қазақстан, Ақмола өңірлері ежелгі өркениеттер мен мағыналы маңызы мол тарихи мәдениеттер өлкесі. Өткен ғасырлардан сыр шертетін қалалар құландыларын, елді-мекендердің қолтаңбасы қалған ескерткіштерді бұл аймақтан көптеп кездестіруге болады. Қарастырылып отырылған аймақ адамзаттың жаратылуынан бастап, ежелгі іргелі мемлекеттердің қалыптасу үдерістері жүрген тарихи-мәдени ескерткіштердің бай мұрағаты іспеттес. Мұнда аты төрткүл дүниеге мәлім, әйгілі «Ботай» қонысы, «Бұзоқ» қалашығы, Қазақстанның Швецариясы болып отырған киелі Көкше жерімен, жаңа ғасырдың жарқыраған құндылығы Астана қаласы сынды жауһарларымен ерекшеленеді. Облыс аумағындағы республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштер зерттеуді және насихаттауды талап етеді.

Зерттеу нысанына алынған өңірлер қазіргі туристердің барлық сұраныстарын қанағаттандыра алатын, ерекше туристік мүмкіншілігі бар санатта. Экономика салаларының қарқынды дамуы, тарихи-мәдени ескерткіштердің мол қоры, мұражайлардың, мәдени-көңіл көтеру орындардың, этнографиялық жүйелердің болуы – осылардың барлығы облыста туризм саласының қарқынды дамуына өте үлкен ықпал етеді.

Осындай ауылдық орталықта туристерге қысқа мерзімге демалысқа тоқтау және танымдық-экскурсиялық маршруттар жасау қолайлы. Облыс аудандарында демалыс және туризм объектілерін – қонақ үйлер, кемпингтер, маусымдық турбазалар ашу жоспары әзірленді, дегенмен, туризм саласында инвестициялардың, кадрлардың, сауатты маркетингтердің және менеджменттердің жоқтығы бар әлеуетті пайдалануды тоқтатып тұр. Облыс аудандарындағы туризм жай қарқынмен дамуда және ұйымдастырылмаған сипатта, бұл туристік ресурстарға орны толмас шығын әкелуде.

Бұдан шығатын қорытынды аталмыш тарихи-мәдени ескерткіштердің шешімін тауып жатса, ұрпақ санасына патриоттық тәрбие берумен қатар, оның құнды тарихи мәні мен кең ауқымда насихатталуымен бірге, ел экономикасына, өңір әлеуетіне әкелер пайдасы зор.

Әдебиеттер

Зайберт В. (2009). Ботайская культура. – Алматы: «Қазақпарат». 565 б.

Зайберт В. (2011). Ботай дала өркениетінің бастауы. Алматы: «Балауса». 480 б.

http://www.inform.kz/kz/botay-madenieti_a2259588

Хабдулина М.Қ. (2005). Ақмола облысында орналасқан Бұзоқ қала жұртындағы археологиялық зерттеулер // Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы, «Print». 200 б.

Зайберт В.Ф., Тюлебаев А.Ж., Кулаков Ю. В., Задорожный А.В. (2005). Основные итоги изучения поселения Ботай в 2005 году // Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы: «Print». 200 б.

References

Seibert V. (2009). Botajskaja kul'tura. [Botay culture]. Almaty: «Kazinform». 565.

Seibert V. (2011). Botaj dala örkenietiniñ bастауы. [Botay is the origin of the steppe civilization]. Almaty: «Balauasa». 480 p.

http://www.inform.kz/kz/botay-madenieti_a2259588

Habdulina M. G. (2005). Ақмола облысында орналасқан Бұзоқ қала жұртындағы археологиялық зерттеулер // Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша археологиялық зерттеулер жайлы есеп [Archaeological research in Buzok site which is located in the Akmola region // The report about archaeological researches according to the State program «Cultural heritage»]. Almaty, «Print». 200.

Seibert V. F., Tulebaev A. J., Kulakov Y. V., Zadorozhnyy V. A. (2005). Osnovnye itogi izuchenija poselenija Botaj v 2005 godu // Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша археологиялық зерттеулер жайлы есеп [The main results of studying the Botay settlement in 2005 // The report about archaeological researches according to the State program «Cultural heritage»]. Almaty, «Print». 200.